

тировать существующие механизмы стимулирования мотивации к системе дистанционного обучения. [5]

Для сглаживания последствий удара пандемии по образованию потребуются приверженность и постоянный мониторинг на самых высоких уровнях правительства. Усиленный мониторинг эффективности, оценка, наставничество и подотчетность могут помочь школам и учителям добиться результатов.

Проект модернизации среднего образования, реализуемый при поддержке правительства, уделяет особое внимание вопросам повышения качества и равенства, особенно среди уязвимых школ. Первоначальная структура проекта была направлена на повышение качества и равенства в начальном и среднем звеньях образования, особенно среди сельских и уязвимых школ.

В настоящее время правительство Казахстана ищет пути адаптации проекта с тем, чтобы помочь решить конкретные проблемы равенства образования, возникшие в результате кризиса COVID-19.

В частности, Казахстану необходимо будет решать проблему растущего разрыва в обучении, который усугубился в связи с закрытием школ во время пандемии. Программа восстановления в части обучения должна включать в себя углубленную оценку этого разрыва, а также ускоренную подготовку учителей, увеличение охвата учащихся, нуждающихся в поддержке, реализацию программы интенсивного дополнительного обучения и постоянный мониторинг процесса восстановления обучения.

Список литературы:

1. https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/policy_brief_-_education_during_covid-19_and_beyond_russian.pdf
2. <https://www.akdn.org/ru>
3. Давыдов В. В. О понятии развивающего обучения // Педагогика. 1995. № 1. С. 29—39.
4. https://studme.org/258967/matematika_himiya_fizik/problema_refleksii_pedagogicheskoy_nauke
5. <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2020/09/26/priemy-motivatsii-uchenikovobuchayushchih-sya-distantsionno>
6. <https://infourok.ru/rekomendacii-uchashimsya-vo-vremya-epidemii-koronavirusa-4233664.html>
7. <https://www.b17.ru/article/300102/>
8. <https://rg.ru/2020/05/05/uchenye-ocenili-vliianie-pandemii-na-uspevaemost-shkolnikov.html>

БОЛАШАҚ ТӘРБИЕШІ МАМАНДАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ІЗГІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ МОДЕЛІ

Нұрман Жанат,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан қ.,

Жұмабекова Фатима Нязбековна,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.к, доцент

Аннотация

Бұл мақалада болашақ тәрбиеші мамандар мектеп жасына дейінгі балаларды ізгілікке тәрбиелеуге дайындаудың моделі қарастырылады. Болашақ тәрбиеші мамандар мектеп жасына дейінгі балаларды ізгілікке тәрбиелеуге дайындаудың моделі жасалынып, компоненттері (когнитивтік, эмоциялық, іс-әрекеттік), өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлерінің айқындалуы «Өзін-өзі тану» пәні негізінде ізгілікке тәрбиелеуге септігін тигізетіні мазмұндалады.

Түйін сөздер: ізгілік, адамгершілік, ізгілік тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, мектеп жасына дейінгі балалар.

Аннотация

В данной статье рассматривается модель подготовки к воспитанию гуманизма детей дошкольного возраста. В разработанной модели подготовки будущие специалисты-воспитатели к воспитанию гуманизма детей дошкольного возраста изложено, что определение компонентов (когнитивных, эмоциональных, деятельностных), критериев, показателей и уровней способствует воспитанию гуманности на основе предмета «Самопознание».

Ключевые слова: гуманизм, нравственность, воспитание гуманизма, нравственное воспитание, дети дошкольного возраста.

Abstract

This article examines a model of preparation for the education of humanism in preschool children. In the developed model of preparing students for the education of humanism in preschool children, it is stated that the definition of components (cognitive, emotional, activity), criteria, indicators and levels contributes to the education of humanity based on the subject of "Self-knowledge".

Key words: humanism, morality, education of humanism, moral education, preschool children.

Ізгілендіру идеясы қазіргі білім берудің жетекші идеясы ретінде қазіргі білім беру философиясы мен педагогикада ынтымақтастық, өзара көмек, күрделілік, адамдардың белсенді «жалпықұндылықтар жанашыры» тұрғысынан қарастырылады.

«Адамгершілік адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сезім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды, сондай-ақ кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық та адамгершілікке жатады. Адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде адамның игілігі мақсатқа айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада қолданылады. Адамгершілік қоғамдық қатынастардың дамуы мен тарихи-мәдени, рухани қажеттіліктердің нәтижесі, туа біткен қасиет емес. Адамгершілік принциптері бірлікте өмір сүру, бақытқа талпыну, мүдделерді үйлестіру мен ұжым болып жұмылудың, ауру кемтарға, бала мен кәріге жәрдемдесудің қажеттігін сезіну мен мойындау сияқты факторлар негізінде қалыптасады [1].

Ш.А.Амонашвилидің негізгі идеясы – ынтымақтастық педагогикасы және жеке басты демократияландыру, ізгілендіру. Ол өзінің идеясын «тәрбие үрдісінің барлық саласында әр баланың жеке басына құрметпен қарау керек» деген қағидамен жүзеге асырады. Өз еңбектерінде бала бойындағы білімді өз еркімен іздену, қабілетін ашудың түрлі жолдарын көрсетеді. Оның пікірінше, гуманист адам адамды сүюшілік, әділдік пен теңдік қағидаларын құрметтеушілігімен ерекшеленеді [2].

Адамгершілік баланың санасынан, іс-әрекетінен, қылығынан, қимыл-қозғалысынан және тәртібінен көрінетін әлеуметтік, қоғамдық мәні бар қасиет, мұнда қарым-қатынастың рөлі зор.

Гуманизм (адамшылық, азаматтық) адам құндылығын қабылдайтын, ерік-жігер құқығымен дамытатын іскерлігін көрсете алатын, қоғамдық қарым-қатынасында адам игілігін бағалаудың өлшемдік түсінігі.

«Адамгершілік» термині «мораль» сөзінің аналогы тұрғысынан алғаш рет сөздіктерде XVIII ғасырдың аяғында пайда болды.

Педагогикада «адамгершілік» қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғымдардың жиынтығы ретінде қарастырылады.

Мораль қоғамдық сананың формасы, қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамдардың мінез-құлқын реттеу функциясын атқаратын әлеуметтік институт.

Мораль бала тұлғасының әлеуметтік рухани күшіне сырттай ықпал ете отырып, баланы қоғамдық өмірдің жағдайына бейімдеуді қамтамасыз етеді, мінез-құлық ережелері мен нормалары аясында ұстайды. Ол баладағы рухани-адамгершілік бастауларын дамыту мен өсірудің кекзеңі болып табылады.

Р.К.Төлеубекова өзінің ғылыми зерттеу жұмысыныда «адамгершілік мінез-құлық өзінің дербестігі мен жауапкершілігін ұғынуы, ынтымақтастық қарымқатынаста болуы және өзі өмір сүріп отырған қоғам мүддесімен жеке басының мүддесін сәйкестендіре білуі арқылы көрінуі керек» дей отырып, әрбір оқушының адамгершілік әрекеті қоғамды ізгілендірудің негізі болып табылатынын ашып көрсетеді [3].

Адамгершілік тәрбиесі жас ұрпақтың белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасын, парастын, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, ажлпыадамзаттық құндылықтарды тиімді пайдалануға бағытталған тәрбиенің құрамдас бөлігі.

Сондықтан бала тұлғасының рухани-адамгершілік саласы екі тұрғыдан жүзеге асырылады: руханилық категория туралы түсініктерді үйрету: адамның ішкі әлемі-рухани дүниесі, рухани-адамгершілік сапасы.

Мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы күрделі және көп өлшемді процесс. Күн сайын баланың алдында оның айналасындағы әлем, табиғат, мәдениет, адами қатынастар әлемі ашылады, мектепке дейінгі балада қоршаған дүниені тануға деген қызығушылықтарын оятады. Баланың әлеммен өзара әрекеттесуінің бұл процесі оның дамуына, ең бастысы оның рухани-адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етеді. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштасады.

«Адамгершілік» ұғымы көбінесе «ізгілік» ұғымымен біріктіріліп қарастырылады. Себебі, олардың түпкі мәні адамның қасиет-сапаларын, рухани дүниесінің қатынасын, көзқарастырып сипаттайды. Ал «ізгілік, гуманизм» ұғымы философиялық-идеологиялық ұғым болып табылады.

Біз зерттеуімізде «ізгілік» ұғымын психология ғылым тұрғысынан тұлғаның бағыттылығының саласы ретінде қарастырамыз.

Гуманизм адамның басқа адамдарға көмектесуге дайындығы, оны құрметтеу, мейірімділік таныту, қуаныш пен өкінішті бөлісу дегенді білдіреді, яғни адамгершілік ұғымына қарағанда мағынасын кеңірек.

Философиялық энциклопедияда ізгілік – адамды тұлға ретінде, оның еркіндікке, бақытты өмір сүруге, өз қабілеттерін дамыту және көрсету құқығын құндылық ретінде танытатын тарихи өзгеріп отыратын көзқарастар жүйесі. Онда адамның жақсы өмір сүруі әлеуметтік институттардың қызметін бағалау көрсеткіші болып табылады, ал теңдік, әділдік, адамгершілік ұстанымдары адамдар арасындағы қарым-қатынастардың қажетті нормалары болып саналады [4].

Демек, адамгершіліктұлғаның ізгілік еркіндігінің, оның және жалпы қоғамдық талаптардың ішік себептермен үйлесуінің қайырымдылыққа ұласатын адамның көркемөнер мен шығармашылығы бағытының саласы.

Жалпы алғанда, қарым-қатынас баланың психикалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Адамгершілік қоғамда адамның мінез-құлқының нормалары, ержелері, адамгершілік мәдениет жалпы мәдениеттің ерекше формасы, қоғамдағы норманың көмегімен адамның өзінің іс-әрекетін реттеудің негізгі тәсілдерінің бірі.

Болашақ тәрбиеші мамандар мектеп жасына дейінгі балаларды өзін-өзі тану пәні негізінде ізгілікке тәрбиелеуге дайындаудың мәнін, мазмұнын және ерекшеліктерін айқындау бұл үрдісті модельдеуге мүмкіндік береді.

Модельдеудің жалпы теориясынзерттеген ғалымдардың, соның ішінде В.А.Штофтың еңбектеріне талдау жасай отырып, мынадай белгілермен ерекшелінетіні айқындалды: 1) жүзеге асырылатын жүйені ойша немесе материалды тұрғыдан ұсыну; 2) зерттеу объектісін бейнелеу; 3) объектінің орнын басу; 4) зерттеу арқылы объект жөнінде жаңа ақпарат беру [5].

Моделдеу әдістемесі танымның көрінісі, объектіні саналы талдаудың сипаты, зерттеу объектісіне сәйкес оның құрылымын түсінікті түрде қайтадан өңдеуге көмектеседі.

«Модель» ұғымына назар аударсақ, ол ғылымда түрлі мағынасында қолданылады, атап айтқанда: танымға қажетті шынайы объектіні қайта жасау үшін сол объектінің арнайы жасалған формасы; нақты объект пен жүйенің немесе түсінік пен идеяның шын мәніндегі қалыбынан ерекше түрде берілген көрінісі; жүйені анықтау, түсіну, ары қарай жетілдіру үшін қолданылатын құрал.

Демек, модель қандай да бір объектінің немесе объектілер жүйесінің «түпнұсқасы», шартты немесе ойша бейнесі (сурет, сипаттама, сызбанұсқа, сызу, график, жоспар, карта және т.б.) немесе үлгісі болып табылады.


Осындай көзқарастар модельдің көмегімен кез келген үдерістердің сандық және сапалық сипаттамасы арқылы мүмкіндіктерін ашудың, сондай-ақ модельдің құрылымдық компоненттерін (мақсатын, тұғырлары мен қағидаларын, мазмұнын, әдістері мен құралдарын, нәтижесін) анықтаудың қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды өзін-өзі тану пәні негізінде ізгілікке тәрбиелеуді теориялық тұрғыдан негіздеу, оны жүзеге асырудың әдістерін анықтау және оның тиімділігін тексеру мақсаты қойылды. Моделдің құрылымындағы маңызды құраушысы компоненттері болып табылады. Модель жасаудың нәтижесі: ізгілік сапасы қалыптасқан мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасы.

Сонымен бірге болашақ тәрбиеші мамандар мектеп жасына дейінгі балаларды ізгілікке тәрбиелеуге дайындаудың моделін жасауда философиялық және психологиялық-педагогикалық теориялар, идеялар мен тұжырымдар; ізгіліктің мәні туралы философиялық ілім; іс-әрекет тұғыры (А.В. Брушлинский, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, т.б.); тұлғалық бағдар тұғыры (Е.В. Бондаревская, И.С. Якиманская, т.б.); аксиологиялық тұғыр (И.Ф. Исаев, В.А. Слостенин, Е.Н. Шиянов, т.б.) басшылыққа алынды.

Осы тұрғыдан жоғарыда айтылғандар мектеп жасына дейінгі балаларды өзін-өзі тану пәні негізінде ізгілікке тәрбиелеу үрдісін жүзеге асыруда оның моделін құрастыру үшін компоненттерін, көрсеткіштері мен өлшемдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Сондықтан болашақ маман ретінде мектеп жасына дейінгі балаларды ізгілікке тәрбиелеуге дайындаудың моделі дайындалды (1-сурет).



Сурет 1- Болашақ тәрбиеші мамандардың мектеп жасына дейінгі балаларды ізгілікке тәрбиелеуге дайындаудың моделі

Ұсынылып отырған моделдің когнитивтік, эмоционалдық, іс-әрекеттік компоненттерінің (когнитивтік, эмоционалдық, іс-әрекеттік) мазмұнына сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері қарастырылады (1-кесте).

Кесте 1 – Болашақ тәрбиеші мамандардың мектеп жасына дейінгі балаларды ізгілікке тәрбиелеуге дайындау моделінің компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
Когнитивтік	Ізгілік, рухани-адамгершілік, жалпыдамазаттық құндылықтар, адамгершілік сапалар туралы түсініктерінің болуы	Болашақ тәрбиеші мамандар мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік нормалары мен мінез-құлық ережелерін білуі: «Жаман деген немене? Жақсы деген немене? екендігін білуі; ізгі адамның бейнесін анықтай білуі; адамгершілік сапасы бар кейіпкерлерді (ертегі, шығармалар немесе өмірдегі) білуі; өзінің жасына қарай ізгіліктің адам өмірінде нақты көрінуін білуі; нақты адамдар мен ертегі, шығарма кейіпкерлерінің істеріне баға бере білуі; өз ойын өз бетімен айта білуі; т.б.
Эмоционалдық,	Ізгілік сезімдеріне, адамгершілік нормаларына қатынасы	Болашақ тәрбиеші мамандар мектеп жасына дейінгі балалардың ізгілік сезімдері: эмпатия, ақкөңілділік, адамды жақсы көрушілік, әділдік, шыдамдылық, өз құрдастарына қатынасы бойынша аяушылық танытуы, мейірімділік көрсетуі; әділ болуы; басқаның эмоционалдық көңіл күйін түсінуі және бағалауы; өзінің сезімдерін жағдаятта ашық көрсетуі; эмоцияны тануы және білдіруі, өзінің эмоциясын реттей білуі; т.б.
Іс-әрекеттік	Ізгілікке бағытталған мінез-құлқы, адамгершілікке бағыттылық, сөйлеуі, ойлауы	Болашақ тәрбиеші мамандардың мектеп жасына дейінгі балалардың «бала-ата-ана», «бала-тәрбиеші», «бала-бала» жүйесіндегі ізгілік қарым-қатынасы; ізгі істері және оны жасай білуі; құрдастарымен өзінің әрекетін келісе алуы, достығы; басқаға көмектесуге дайындығы; риясыз көмек көрсете алуы; құрдастарының жетістігін байқауы және қуана білуі. ізгілік іс-әрекетке қатысуға талпынысы, өзінің мотивтерін тануға және мойындауға ұмтылу, қажеттіліктерін, сұраныстарын жете ұғынуы; т.б.

Кестеде көрсетілгендей, мектеп жасына дейінгі балалардың ізгі істерінің нәтижесін зерделеу негізінде студенттерді оларды ізгілікке тәрбиелеуге дайындаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері үш деңгейін (жоғары, орта, төмен) анықтауға негіз болды, төмендегідей қысқаша сипаттама беріледі.

Жоғары деңгей: өз ойын еркін айтады, сұраққа толық жауап береді, өз бетімен талдау жасай алады, ортаға тез бағдарланады, адамгершілік нормаларды түсіндіру барысында сапа туралы түсінікке, өз тәжірибесінен өмірлік жағдаяттардың жиынтығына, өзінің бағалауына сүйенеді, басқаның мінез-құлқын дұрыс бағалайды, адамгершілік нормаларды атайды, өзінің бағалауын ынталандырады; балалардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын дұрыс бағалайды, өзінің бағалауын ынталандырады, эмоционалдық реакциясы адекватты, ашық байқалады, мимикасы, сөзінен байқалады; пікірлесуге, бірлескен іс-әрекетті орындауға қызығушылығы бар.

Орта деңгей: өз ойын барлық уақытта еркін айта бермейді, сұрақтарға берген жауаптары толық емес, үлкендер тарапынан көмекті қажет етеді, қоршаған ортаға қатынаста кейде ғана бағдарланады; түсіндіру барысында нақты жағдаятта белгілі бір сапаны тасымалдаушы ретінде нақты адамға сүйенеді, өзінің нақты әрекетін, басқа адамның мінез-құлқын дұрыс бағалайды, өзінің бағалауын ынталандырмайды, адамгершілік нормаларды атайды; балалардың мінез-құлқын дұрыс бағалайды, бірақ өзінің бағалауын ынталандыруға қиналады, эмоционалдық реакциясы адекватты емес, әлсіз байқалады;

кейде ғана пікірлесе алудың белгілері бар, норманың көмегімен бірлескен іс-әрекетті орындауға қызығушылығы бар.

Төмен деңгей: сұрақтарға барлық уақытта жауап бермейді, дұрыс талдай алмайды, қоршаған ортаға қатынасында бағдарланбайды; түсіндіруде әдеби және ертегі кейіпкерлеріне сүйенеді, бала адамгершілік тұрғысынан басқаның іс-қылықтарына баға бере алмайды, бірақ таңдауға ынталанбайды, эмоционалдық реакциясы адекватты емес немесе жоқ; теріс бағыттылық, пікірлесе алмайды, нормалардың көмегімен бірлескен іс-әрекетті орындауға қызығушылығы жоқ.

Қорыта келгенде, болашақ тәрбиеші мамандар мектеп жасына дейінгі балаларды өзін-өзі тану пәні негізінде ізгілікке тәрбиелеуге дайындау олардың рухани әлемін қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарға үйрету мақсатын жүзеге асырады. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша өтілетін әрбір оқу қызметі мектеп жасына дейінгі балаларға адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктер беру; жақсы істер жасай білуіскерліктерін дамыту; өзара қамқорлыққа, сүйіспеншілікке, татулыққа тәрбиелеу міндеттері қойылады. Оқыту қызметі барысында мектеп жасына дейінгі балалар берілген тапсырмаларды орындауды, оларға сұрақ қоя білуді үйренеді, сын тұрғысынан ойлай білуге дағдыланады, өз пікірлерін айтып, қорытуға үйренеді; өзін-өзі және басқаларды бағалау дағдысы, топтық ынтымақтастық қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаева С.А. Өзін-өзі тану. Жоғары оқу орны оқытушыларына арнаған әдістемелік құрал. – Алматы, 2003. Бөбек қоры.
2. Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманное основа педагогического процесса. – М.: Университетское, 1990. – 560 с.
3. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жана кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. – Алматы, 2001. – 295 б.
4. Философиялық сөздік // Ред. ұжым: Р.Н. Нұрғалиев, Г.Г. Ақмамбетов, Ж.Ж. Әбділдин. – Алматы, 1995. – 525 б.
5. Штофф В.А. Введение в методологию научного познания: учебное пособие. – М.: Изд-во ЛГУ, 1972. – 191 с.

КРАЕВЕДЕНИЕ – ОДНА ИЗ ФОРМ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ГРАЖДАНИНА

Нюнюкова Марина Владимировна,
учитель географии высшей квалификационной категории,
КГКП «Гимназия имени А.М. Горького
Управления образования акимата Костанайской области», г. Костанай

Аннотация

Өзектілігі. Қостанай қаласындағы А.М. Горький атындағы гимназиядағы оқушыларды туған жер туралы білімдермен байыту, оған деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, азаматтық пен патриоттық сезімді қалыптастыру көздерінің бірі болып табылатын өлкетану іс-шаралары.

Мақсат – мектеп тарихы үйірмесі мен мұражай жұмысын жас ұрпақ тәрбиесінің маңызды буыны ретінде ұсыну.

Түйінді сөздер: өлкетану, мұражай, жобалау-зерттеу қызметі.

Аннотация

Актуальность. Краеведческая деятельность в гимназии А.М. Горького города Костаная, которая является одним из источников обогащения обучающихся знаниями о родном крае, воспитания любви к нему, формирования гражданственности и патриотизма.

Цель – представить работу школьного исторического кружка и музея, как важного звена в воспитании подрастающего поколения.